



«БЕКІТЕМІН»  
Қостанай облысы әкімінің  
орынбасары

Р. Мұхаметқали  
» 2024 жыл

XXXVII «Өнеріміз саған, Қазақстан!» атты облыстық  
көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы байқау-фестивалінің  
ЕРЕЖЕСІ

**Жалпы ережелер**

- Ереже көркемөнерпаздар халық шығармашылығының «Өнеріміз саған, Қазақстан!» атты байқау-фестивальді өткізу тәртібін (бұдан әрі-ереже) айқындайды.
- Байқау-фестивальді Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы өткізеді.

**Откізу мерзімі**

Қазан - қараша, 2024 жыл

**Мақсаты мен міндеттері**

- қазақстанның патриотизмді тәрбиелеу, салт-дәстүрмен, тілмен және мәдени мұрамен ұштасқан ұлттық бірегейлікті сақтау;
- көркемөнерпаздар халық шығармашылығының барлық түрлері мен жанрларын дамыту;
- жаңа талантты шығармашылық ұжымдар мен орындаушыларды анықтау және қолдау;
- әлемдік және қазақстанның мәдениет, өнер қайраткерлерінің шығармаларын насиҳаттау арқылы жастарды мәдени құндылықтарға тәрбиелеу;
- облыстың көркемөнерпаздар шығармашылық ұжымдары мен жеке орындаушыларының шеберлігін арттыру.

**Байқау-фестиваль шарттары**

- байқау-фестивальге көркемөнерпаздар халық шығармашылығының ұжымдары (хореография, театр, ансамбльдер, т.б.) мен жеке орындаушылары қатысады, ауылдық округтердің қатысуына басымдылық беріледі;
- ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша Қостанай қаласында өтетін жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне жекелеген орындаушылар мен ұжымдар шақырылуы мүмкін (ақпарат қосынша жеткізілетін болады);

- облыстық байқау-фестиваль Гала-концерті қатысушыларының жол журу, тұру, тамақтану бойынша шығындары жіберуші тараптың есебінен жүзеге асырылады.

### **Фестиваль З кезеңде өткізіледі**

- I-кезең – ауданның (қаланың) клуб мекемелерінің жеке орындаушылары мен көркемөнерпаздар ұжымдарының шығармашылық есеп беруі;
- II-кезең – кестеге сәйкес (қоса беріледі) ауданның (қаланың) үздік ұжымдары мен орындаушыларының фестивалі;
- III-кезең – облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы байқау-фестивалінің қорытындысын шығару.
- Шығармашылық ұжымдар мен жеке орындаушылардың өнері «Qostanai» телеарнасының эфирінде жүргізіледі.

### **Талаптар**

- II кезең бағдарламасы 17 концерттік нөмірден аспауы тиіс, ережеге сәйкес талап орындалмаған жағдайда, қазылар алқасы бағалау кезінде өз шешімдерімен нөмірлерді қысқартуға құқылы;
- міндетті шарт - қатысушылардың аталмыш ауданда (*қалада*) тұруы;
- қатысушылардың, шығармашылық ұжымдардың соңғы 3 жылдағы жетістіктерін ұсыну (*форма қоса беріледі*);
- қазақ, орыс және басқа тілдерде әндер орындауға рұқсат беріледі (*пайыздық ара қатысы басқа тілдерде орындалатын әндерді қосқандагы сомадан қазақ тілінде орындалатын әндер 50% -дан кем болмауы тиіс*);
- әннің мәтіні мен музыкасы фестиваль тақырыбына сәйкес болуы тиіс;
- шығарма кез келген музыкалық жанрда қолданылуы мүмкін;
- дауысы жазылған немесе негізгі әуен аспаптық артықшылығы бар фонограммаларды пайдалануға қатаң тыйым салынады; жеке өнер көрсету үшін солистің негізгі партиясын қайтalamайтын, жазылған бэк-вокалы бар минус фонограммаларды пайдалануға жол беріледі; шағын нысандар мен ансамбльдер үшін бэк-вокалы бар фонограммаларды пайдалануға тыйым салынады;
- байқау-фестивальге облыстық өнер үйымдарының (*филармония, театр*) әртістері қатысуға тыйым салынады;
- қазылар алқасы ереженің талаптарын сақтамаған концерттік нөмірлерді бағалаусыз қалдыруға құқылы.

### **Бағалау критерийлері**

- орындаушылық шеберлік;
- әртістік қабілет;
- сахналық костюмдер;

- фонограмма сапасы;
- нөмірдің композициялық құрылымы.

Әр критерий 5 балдық жүйе бойынша бағаланады, әр нөмірдің ең жоғарғы бағасы 25 балл. Ереже талаптарын сақтамағаны үшін қазылар алқасы ұпайларды төмендетуге құқылы.

Байқау-фестиваль қалалар және аудандар болып бөлек бағаланады.

### **Жалпы бағдарламаны бағалау критерийлері**

- көп жанрлық;
- режиссерлік-қойылым жұмысы;

### **Кәсіби қазылар алқасы**

Қазылар алқасы мәдениет басқармасының өкілінен және әр түрлі жанрдағы кәсіби мамандардан тұрады.

### **Марапаттау**

Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша марапаттау ауданның (қаланың) жергілікті бюджет қарожаты есебінен жүргізіледі.

Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша марапаттау Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығы» КМҚҚ жүлде қоры есебінен өткізіледі: қалаларға I, II, III орын, аудандарға бөлек I, II, III орын, байқау-фестивальдің Бас жүлдесі біреу болады.

Қазылар алқасы қалалар мен аудандардың бірнеше бағдарламасына (бірдей балл алған жағдайда) 1- орын, 2 - орын, 3 - орын қосымша беруге құқылы.

**Арнайы сыйлықтармен («Ұздік ауылдық клубы», «Ұздік аудандық мәдениет үйі», «Ұздік қалалық мәдениет үйі», «Ұздік өнер ұжымы», жанрлар бойынша және т.б.) марапатталады.**

Фестиваль үйымдастыру комитетімен алдын ала келісім бойынша шығармашылық ұжымдар мен жеке орындаушыларды марапаттау үшін демеушілер (меценаттар) арнайы жүлделерді тағайындауы мүмкін.

### **Ұйымдастырушылар**

«Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ;

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығы» КМҚҚ.

### **Байланыс**

Электронды пошта: [hsb@ocsnt.kz](mailto:hsb@ocsnt.kz)

Мекен жай: Қостанай қаласы, Лермонтов к-си, 15

Телефон: 8(7142) 56-04-12